

ӘОЖ 343.3/.7

М.Д. Қаражанов

Қазақстан-америкалық еркін университеті, 3-курс докторанты,  
Қазақстан, Өскемен қ.**Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың  
объективтік жағы бойынша саралау мәселелері**

Бұл ғылыми мақалада автор экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың объективтік жағы бойынша саралау мәселелерін ҚР күшіндегі және жобаланып жатқан қылмыстық заңнамасы негізінде қарастырған.

Автор экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстарды объективтік жағынан жаңа редакцияда толықтыруға тырысқан: ҚР ҚК-нің 277,278,279,294 баптары және ҚР ҚК-нің (жобасы) 329,330,331,348 баптары.

Автор зерттеудің нақты нәтижелерін ҚР бағдарламалық құжаттарымен, отандық және шетелдік авторлар пікірлерімен, шетелдік қылмыстық заңнаманы қолданудың практикасымен және эмпирикалық мәліметтермен анықтаған.

**Түйін сөздер:** экология, экологиялық қауіпсіздік, объективтік жақ, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар, қылмыстарды саралау.

M.D. Karazhanov

**Qualification problems on the objective part of the crimes encroaching on ecological safety**

In the scientific article the author in details considers qualification problems on the objective part of the crimes encroaching on ecological safety through a prism of the existing and projected criminal legislation of Republic of Kazakhstan.

The author made attempt to add objectively some structures of the crimes encroaching on ecological safety in the new edition: articles 277,278,279,294 Criminal Code of Republic of Kazakhstan and articles 329,330,331,348 Criminal Code of Republic of Kazakhstan (project).

The author accurately defined results of research having proved them by program documents of Republic of Kazakhstan, the points of view of various domestic and foreign scientists, foreign practice of application of the criminal legislation and empirical data.

**Keywords:** ecology, ecological safety, the objective part, the crimes encroaching on ecological safety, qualification of crimes.

М.Д. Қаражанов

**Проблемы квалификации по объективной стороне преступлений,  
посягающих на экологическую безопасность**

В научной статье автор детально рассматривает проблемы квалификации по объективной стороне преступлений, посягающих на экологическую безопасность через призму действующего и проектируемого уголовного законодательства РК.

Автором была предпринята попытка дополнить с объективной стороны составы преступлений, посягающих на экологическую безопасность в новой редакции: статьи 277,278,279,294 УК РК и статьи 329,330,331,348 УК РК (проект).

Автор четко определил результаты исследования обосновав их программными документами РК, точками зрения различных отечественных и зарубежных ученых, зарубежной практикой применения уголовного законодательства и эмпирическими данными.

**Ключевые слова:** экология, экологическая безопасность, объективная сторона, преступления, посягающие на экологическую безопасность, квалификация преступлений.

### Introduction (Кіріспе)

Қылмыстық құқықтың жалпы теориясынан қылмыс құрамының бір элементі объективтік жақ болып табылатыны барлығына мәлім.

Экологиялық қылмыстардың объективтік жағы табиғатты пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау ережелерін әрекет немесе әрекетсіздік арқылы бұзу жолымен сипатталады. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың диспозициясы бланкеттік болғандықтан, оларды нақты анықтау қажет.

Жас ғалымдардың бірі Б.Ш. Исмаилова: «заңдар тек қылмыстық-құқықтық сипаттағы емес ережелерді бұзуды, қылмыс нысаны мен белгілерін сипаттайды. Олардың мазмұны осы ережелерді бұзудың түрі мен сипатын ашпайды», – деп көрсетеді [1].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстарды саралау кезінде ауыспалы белгілерге көңіл бөліп қылмыстық-құқықтық нормаларды талдап, басқа да нормативтік және нормативтік-практикалық сипаттағы қайнар көздерге көңіл бөлген дұрыс болады. Алайда олар ұғымдар мен терминдерге нақты дұрыс сипаттама беріп қылмыстық заң диспозициясын түсінуге мүмкіндік ашады.

Бланкеттік диспозицияларда заң шығарушы нақты қандай қоғамға қауіпті іс-әрекеттің түрін және мазмұнын ашатын нормативтік қайнар көз қолданатындығын анықтап көрсетеді. Мәселен, атақты ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаев: Қазақстан Республикасы ҚК 277-бабында көзделген талаптардың бұзылуын анықтау үшін арнаулы нормативтік актілерге жүгіну керек, – деп көрсеткен [2].

### Main body. (Негізгі бөлімі).

ҚК-нің 277-бабының бланкетті екенін аңғарып, ол бойынша келесі актілерді сипаттама беруші ретінде тануға болады: «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 Заңы, «Қазақстан Республикасының Экология-

лық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Кодексі, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңы, «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 ж. 3 шілдедегі № 331-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы, т.б.

Барлық дерлік экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар материалдық қылмыс құрамын құрайды. Материалдық қылмыс құрамы деп бұл қылмыста іс-әрекеттің, зардаптың және іс-әрекет пен зардаптың арасындағы себептік байланыстың болуын айтамыз. Ондай құрамдарға экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар ішінен ҚР ҚК-нің 277, 278-бабының 2-3 бөліктері, 279, 280, 294-баптар жатады.

Ал қылмыстарды саралау кезінде қылмыстың аяқталу уақытын тек іс-әрекеттің болуымен ғана анықтасақ, ондай құрамдар формальды болып табылады.

Тек Қазақстан Республикасы ҚК-нің 278-279 баптарының 1-бөліктері адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қаупін төндіргеніне байланысты формальды саналады.

Алайда осы жағдай бойынша заң ғылымдарының докторы, академик В.Н. Кудрявцев былай деп жазған: «Қылмыстарды шартты түрде материалды және формальды деп бөлу маңызды болып келеді. Судья, прокурор, тергеуші нақты қай уақытта айыптау келтірілген зиянды (зардапты) қашан дәлелдеу және қашан дәлелдемеуін білуі керек. Осылай бөлінгендік осы сұраққа нақты жауап береді: айыптау тек келтірілген зардап нақты қылмыстық-құқықтық нормада көзделген уақытта ғана дәлелдену керек, яғни материалдық қылмыс құрамдарында ғана» [3].

Қылмыстық зардап ұғымын ашу өте қиындыққа соғуда, әсіресе қарастырып отырған мәселе бойынша ол өзекті болып отыр. Олардың мағынасы – олар нені білдіретіндігі және зиян-

да, сонымен қатар нәтижесі қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғу. Келтірілетін зиянның түрлері әртүрлі: материалдық, дене, әлеуметтік және экологиялық. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар көбінесе екі нысанда болып келеді: экономикалық және экологиялық. Экономикалық зиян табиғат пайдаланушыларға келтірілсе, экологиялық зиян табиғатты ластау, оның жеке компоненттерін бұзумен сипатталады.

Зардапты анықтау экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстарды саралау кезінде үлкен қиындықтарға әкеледі.

Осыған қатысты «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 нормативтік қаулысының 19-20 тармақтары былай түсіндіреді: «Қоршаған ортаның елеулі өзгерулерін, қалпына келтіру ұзақ уақытты не елеулі материалдық шығындарды қажет ететін табиғи объектілердің жойылуын немесе олардың жағдайының нашарлауын, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдалануға кедергі келтіретін жағдайдың туындауын, шаруашылық және өзге де қызмет процесінде (ҚК-нің 277, 280, 294-баптары) қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуымен байланысты өзге де жағдайларды ауыр салдар деп түсінген жөн. Экологиялық қылмыстардың жекелеген түрлерінің (ҚК-нің 277, 279) орын алатын қоғамға қауіпті салдары ретінде адамның еңбек қабілетін жоғалтуға әкеп соққанына ауыр немесе орташа ауыр зиян келтіргеніне қарамастан, адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіру деп түсіну қажет» [4].

Осы сот практикасының материалын талдасақ, онда егер табиғатқа елеулі зиян келтірілмесе немесе адамға елеулі денсаулығына зиян, яғни орташа және ауыр зиян болмаса қылмыстық жауаптылық тумайды деген тұжырым жасауға болады.

Осы мәселеге қатысты ғылыми көзқарас тұрғысынан заң ғылымдарының кандидаты, Ресей ИМ Омбы Академиясының доценті И.В. Попов былай деп жазды: «Егер табиғи орта ластанса, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жаппай қырылуы орын алмаса, адам денсаулығы мен өміріне ауыр зардап әкелмесе, онда қылмыстық іс қозғаудан бас тартылады және қылмыстық іс қысқартылуға жатады» [5].

Алайда осы ғылыми пікірді дұрыс тауып, практикалық мысалдарға жүгінсек дұрыс болады.

Мәселен, жетпісінші жылдардың соңында Семей қаласының шетінде орналасқан әскери аэродромның жанармай қоймасынан жер астына сіңген авиа керосиннен қордаланған керосин көлі бүгінгі таңда Қазақстан экологтарын ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықты алаңдатып отыр. 1997 жылғы зерттеу жұмысы жер астындағы жанар-жағармайдың көлемі алты мың тонна деген қорытынды жасады. Ұзақ жылдар бойы бұл апаттың алдын алу жұмысы қолға алынбаған. Тек 2002 жылы алматылық «Казгидек» фирмасы аталған проблеманы зерттеу мәселесін қолға алған. Бір жылдан кейін астаналық мамандар аталған проблеманы залалсыздандыру жұмысына кірісіп, оны залалсыздандыруға Үкімет тарапынан 36 миллион теңге қаржы жұмсалған болатын. Алайда жер үстіне тек жүз тоннадай ғана жанармайды шығару мүмкіндігіне қол жеткізілді. Халықаралық сарапшылардың зерттеулеріне сүйенсек, кеңестік дәуірдегі Семейдегі әскери аэропорттан төгілген авиация жанармайының жер асты суларын ластап, Ертіске жақындағаны жайлы баспасөзде аз жазылып жүрген жоқ. Керосин көлі әлі де жер астын кеулеп, мысықтабандап Ертіске жүз метрдей ғана қалған. Семей өңірі тұрғындары үшін ғана емес, көршілес Ресей үшін де аса қауіпті экологиялық апаттың зардабын қазір қала тұрғындары тартып отыр. Юность елді мекеніндегі Аякөз көшесінің тұрғындарының құдықтан су орнына керосин алып отырғандарына да бірнеше жылдың жүзі болды [6].

Осы факті бойынша Семей қалалық ІІБ тергеу бөлімі 1998 жылы қылмыстық іс қозғаған еді. Бірақ кейін қылмыстық ісін қысқартты, себебі қылмыстарды саралау барысында Қазақстан Республикасы ҚК-нің 277-бабында көзделген зардаптар, яғни қоршаған ортаның едәуір ластануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне және өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқпағанына байланысты тоқтатылған еді.

Осыған бір мысалды, Ресей практикасынан келтіруге болады. Ресей заңнамасында көзделген осындай кемшілікті көріп, көптеген Ресей кәсіпорындары жыдар ластаушы әртүрлі заттарды шекті рұқсат етілген концентрациядан асатын мөлшерде жүйелі түрде тастап келеді. Мәселен, тексеру кезінде Новокузнецк қаласының су

жүргізу және канализациямен айналысатын «ЕвразЭК» АҚҚ тазарту құрылғыларын қолданбай Аба және Конобениха өзендеріне лас суларды шекті рұқсат етілген концентрациядан асатын мөлшерде жүйелі түрде лақтырғаны анықталған. Табиғатқа келтірілген зиян мөлшері 141 199 162 рубльді құраған еді. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылды, себебі зиян табиғатқа едеуір мөлшерде келтірілген жоқ еді [7].

Шекті рұқсат етілген концентрация ұғымы «Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы №1219 Қаулысында 7-тармағының 16 тармақшасында көзделген: шекті рұқсат етілетін концентрация (ШРК) – көлем бірлігіндегі зиянды химиялық заттың ең көп саны, ұзақ уақыт бойы күн сайын әсер ету барысында адам организміне зиянды әсер етпейді, ол қазіргі заманғы зерттеулер әдістерімен анықталады; қоршаған ортаның (жұмыс аймағының ауасы, атмосфералық ауаның, су объектілерінің және топырақтың) санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын бағалау кезінде генетикалық өлшемі болады [8].

Улы заттар концентрациясының шектері осы актімен анықталады, егер Қазақстан Республикасының ҚК-нің 277, 278-баптың 2-бөлігіне, 279-баптың 2-бөлігіне, 294-баптарына «қоршаған ортаны елеулі ластау», «қоршаған ортаның ластануына, улануына және зақымдануына», «қоршаған ортаға ауыр запар» деген сөздерді шекті рұқсат етілетін концентрация мөлшерінен асқан жағдайда зардаптар болса деп қоссақ, онда қылмыстық жауаптылық табиғатты толық моральдық қорғауға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар жаңа жобаланып жатқан Қазақстан Республикасы ҚК-нің (жобасы) 330, 331-баптарында қоршаған ортаға елеулі және 329, 330, 331, 348- баптарында ірі шығын келтіру ұғымын белгілеген [9]. Бірақ жобаның 9-бабында елеулі шығын мөлшері қоршаған ортаны қалпына келтіру үшін сомасы 100 айлық есептік көрсеткіш болу керек деп көрсетілсе, ал ірі шығын мөлшері 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде көзделген екен [9]. Осы норманы талдай келе, елеулі шығын мөлшерін 500 айлық есептік көрсеткіш деп көрсеткен дұрысырақ болады. Алайда Қазақстан Рес-

публикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында 2.8. тармағында: «Қылмыстық құқықты дамытудың маңызды бағыты, ең алдымен, аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар, өзге де адамдарға – жазаны жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау болып табылады», – деп көзделген [10].

Ал мұндай төмен көлемдегі елеулі шығын мөлшерін белгілеу көптеген Қазақстан Республикасының азаматтарын қылмыстық жауапқа тартып соттылық жүктеуге алып келеді.

Осындай ақшалай шығынның құнын анықтау жағдайын көптеген ғалымдар қолдайды. Мәселен, М.И. Ковалев былай деп көрсетеді: «Шығын бар жерде не оның сомасын белгілеу керек немесе оның максималды және минималды шектерін анықтау керек» [11].

Сондықтан осындай Қазақстан Республикасы ҚК-нің (жобасы) 330, 331-баптарында қоршаған ортаға елеулі шығын мөлшерін 9-бапта 500 айлық есептік көрсеткіш деп көрсеткен қажет.

Шетелдік қылмыстық заңнама тәжірибесіне үңілсек, онда көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе Голландия, Дания, Франция, Швеция, Швейцария экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың жауаптылық сұрақтарын жеке бөлектеп мүлде қарастырмайды [1,28]. Бұл жағдай ұзақ уақыт бойы қалыптасқан континенталдық жүйесінің дәстүрлерімен түсіндіріледі, себебі ол қылмыстар меншік иесінің мүддесіне бағытталған еді. Осы жағдай бойынша С.Е. Каленов былай деп жазды: «қылмыстық репрессиялық құралдармен ғана, заңды жауапкершілік түрлерін есепке алмай, экономикалық және ұйымдастырушылық әдістермен қылмыс себептеріне әсер етпесе, қоршаған ортаны қорғау саласында заңдылық пен құқықтық тәртіп мақсатына жету мүмкін болмайды, себебі еуропалық елдерде қазіргі қоршаған орта жағдайы қолайлы деп табылады» [12]. Мысалы, Швейцарияда қоршаған ортаны қорғау мүмкіндігі әртүрлі бағыттағы



«экологиялық» заңдардың қабылдануымен және құқық қорғау органдарын құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге тартумен сипатталады [13].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар үшін жауапкершілік сұрақтары меншікке қарсы қылмыстар және адам қауіпсіздігі туралы қылмыстар жөніндегі жалпы ережелермен реттеледі.

Голландияның қылмыстық заңнамасы экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстарға жақын құрамдармен жауаптылыққа тартады. Голландияның ҚК-нің 3 кітабы 1-тарауының 424-бабы («Адамдар мен меншіктің жалпы қауіпсіздігімен байланысты теріс қылықтар»): «кез келген халыққа ашық жерде, қауіп немесе меншікке шығын, қоғамға зиян келтірілуі мүмкін» [14].

Швейцарияның қылмыстық кодексі 224-225 баптарында жарылғыш және улы заттардың қолданылуын, егер адам өмірі мен денсаулығына және бөтеннің мүлкіне қауіп төндіргенде қауіпті деп тауып жазаларды кінәнің нысаны мен қылмыс мақсатына қарай жіктейді [15].

ТМД елдерінің қылмыстық заңнамасы көптеген жағдайда ұқсас болып келеді, бірақ өзіндік ерекшеліктері кездеседі. Мәселен, РФ ҚК-нің 246-бабында зардап ретінде радиациялық аяға, адам денсаулығына ауыр зиян келтіру, жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне және өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса деген норма көзделген. Радиациялық аяның елеулі өзгеруі ретінде адамдардың сәулеленуі немесе қоршаған ортаны радиоактивті ластау түсіндіріледі [16]. Қалған экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың зардаптары бойынша ұқсас болып келеді.

Әзірбайжан ҚК-де экологиялық қылмыстар 10-тарауға «Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар» тобына 28-бөлім болып «Экологиялық қылмыстар кіреді». Әзірбайжан ҚК-нің 247-бабында РФ ҚК-гі сияқты радиациялық аяға, адам денсаулығына ауыр зиян келтіру және жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне және өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса деген норма көзделген [17].

Өзбекстан ҚК-де «Экология саласындағы қылмыстар» атты 6-тарауға 14-бөлім болып «Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы қылмыстар» кіреді. Өзбекстан ҚК-нің 193, 195-бапта зардап-

тары бойынша қоршаған табиғи ортадағы өзгерістерге әкелсе, қоршаған ортаны ластаса деген сөздерді қолданады [18]. Осы баптарды талдай келе, Өзбекстан ҚК-де де нақты Қазақстан Республикасының ҚК-дегі сияқты ластаудың шектері белгіленбеген.

Материалдық қылмыс құрамдарында объективтік жақтың келесі міндетті белгісі болып іс-әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс табылады. Себептік байланыс – бұл қоғамға қауіпті іс-әрекет пен одан туындайтын зардаптың арасын объективті түрде жалғастыратын байланыс.

Қылмыстық жауаптылық тек осы себептік байланыс болғанда ғана мүмкін болады. Себептік байланыстың болуы нақты қоғамға қауіпті іс-әрекетпен зардаптардың пайда болуы көзделеді, мұнда үшінші тұлғалардың немесе табиғи, биологиялық, т.б. сыртқы факторлар байланысты болмауы тиіс.

Іс-әрекет пен зардап арасындағы себептік байланысты анықтау іс-әрекетті жасаудағы адамның кінәлілігін анықтау қажеттілігін алып тастайды. Мысалы, егер адамның іс-әрекеті нақты көзделген зардаптарға алып келсе, бірақ кінәсіз жасалса қылмыс болып есептелмейді.

Егер қоғамға қауіпті іс-әрекет пен зардап арасында уақыттық ұзақтық жоқ болса, онда себептік байланысты анықтау қиындыққа әкелмейді. Осындай себептік байланысты көбінесе, көлік, экологиялық қылмыстар бойынша анықтау қиындыққа соғады, себебі оған, бір жағынан, зардаптардың туындауына байланысты себептер мен жағдайлар әсер етсе, екінші жағынан уақыт ұзақтығы қиындыққа әкеледі. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар бойынша себептік байланысты анықтау кезінде осы ұзақтықты қысқарту мақсатында біз осы шекті рұқсат етілген концентрация мөлшерін жоғарыда көзделген редакцияда енгізсек, құқық қолдану практикасы тиімді болар еді.

### **Conclusions. (Қорытынды).**

Сондықтан айтылған тұжырымдарға сәйкес келесі ұсыныстарды енгізуді жөн көріп отырмыз:

1. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 277-бабы және Қазақстан Республикасы ҚК-нің (жобасы) 329-бабының 1-бөлігін келесі редакцияда толықтыруды ұсынамыз: «Табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу

және жаңғырту, пайдалануға беру және пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану, қалалар мен басқа да елді мекендерді салу кезінде, әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери және ғарыш қызметіне қойылатын талаптардың бұзылуы, егер бұл қоршаған ортаның *шектеу рұқсат етілген концентрациясынан (ШРК)* асып ластануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқса».

2. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 278-бабының 2-бөлігі мен Қазақстан Республикасы ҚК-нің (жобасы) 330-бабының 2-бөлігін келесі редакцияда толықтыруды ұсынамыз: «Қоршаған ортаның *шектеу рұқсат етілген концентрациясынан (ШРК)* асып ластануына, улануына немесе зақымдануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне әкеп соққан, сол сияқты төтенше экологиялық жағдай аумағында жасалған дәл сол әрекеттер».

3. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 279-бабының 2-бөлігі мен Қазақстан Республикасы ҚК-нің (жобасы) 331-бабының 1-бөлігін келесі редакцияда толықтыруды ұсынамыз: «Қоршаған ортаның *шектеу рұқсат етілген концентрациясынан (ШРК)* асып ластануына, улануына немесе зақымдануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге не өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне

әкеп соққан, сол сияқты төтенше экологиялық жағдай аумағында жасалған дәл сол әрекет».

4. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 294-бабы мен Қазақстан Республикасы ҚК-нің (жобасы) 348-бабының 3-бөлігін келесі редакцияда толықтыруды ұсынамыз: «Экологиялық ластануға ұшыраған жерлерде зарарсыздандыру немесе өзге де қалпына келтіру шараларын жүргізу міндеті жүктелген адамдардың осындай шараларды жүргізуден жалтаруы немесе тиісінше жүргізбеуі адам өліміне, адамдардың жаппай ауыруына не қоршаған орта үшін *шектеу рұқсат етілген концентрациясынан (ШРК)* асып өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса».

5. Еуропа елдерінде, әсіресе Голландия, Дания, Франция, Швеция, Швецария экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстардың жауаптылық сұрақтарын жеке бөлектеп мүлде қарастырмайды. Бұл елдерде мүлде экологиялық қылмыстар деген тарау көзделмеген.

6. ТМД елдерінде ұқсас құқықтық жүйе болғандықтан және 1996 жылдың 17 ақпанында Парламентаралық Ассамблеяда қабылданған Үлгілі Қылмыстық кодекстің негізінде олардың қылмыстық заңнамасы жасалғандықтан көп айырмашылықтар кездеспейді.

7. РФ ҚК-нің алға басуы зардап ретінде радиациялық аяның өзгеруін қолдануы табылады, бірақ жоғарыда аталғандай шектеу рұқсат етілген концентрациясынан асып қоршаған ортаға зиян келтіру ұғымын енгізу тиімдірек болады.

## Әдебиеттер

- 1 Исмаилова Б.Ш. Уголовно-правовая и криминологическая характеристика преступлений против биологических ресурсов в Республике Казахстан /Дисс. на соискание степени к.ю.н. – Астана, 2010. – 144 с.
- 2 Ағыбаев Е.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: оқулық / өңделген, толықтырылған 4-басылым. 2011 жылдың 1 наурызына дейінгі өзгертулер мен толықтырулар ескерілген. – Алматы: Жеті жарғы, 2011. – 632 бет.
- 3 Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления. – М.: Госюриздат, 1960. – 148 с.
- 4 «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 22 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістері және толықтыруымен бірге) //Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы. – Астана, 2009. – 401 б.
- 5 Попов И.В. В поисках критерия уголовной наказуемости деяний, посягающих на природную среду. //Российский следователь. – №9. –2010. –С. 13-16.
- 6 Байқадияұлы С. Ертіске қауіп төніп тұр! //Zaman-Қазақстан. – 15 тамыз 2011. – 2 б.

7 Постановление Федерального арбитражного суда Западно-Сибирского округа от 27 января 2009 г. №Ф-04-129/200919422. С.27-91.

8 «Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 1219 Қаулысы //http://adilet.zan.kz.

9 Досье ITS на проект Уголовного кодекса Республики Казахстан (новая редакция) (на 10 января 2013 года). // ИС Параграф <http://online.zakon.kz>.

10 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген. //http://adilet.zan.kz.

11 Ковалев М.И. Роль законодательной техники в конструировании норм уголовного законодательства. //Вопросы совершенствования уголовно-правовых норм на современном этапе Межвуз. сб. науч. тр. Свердловск: СЮИ, 1986. С.5.

12 Каленов С.Е. Уголовно-правовая охрана водных биологических ресурсов: По материалам Дальневосточного федерального округа: Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. – М.: РГБ, 2003. – 223 с.

13 Лапина М.А. Опыт деятельности зарубежных правоохранительных органов по обеспечению экологической безопасности //Экологическое право. – 2000. – №1. – С.34-36.

14 Уголовный кодекс Голландии /Науч. ред. Б.В. Волженкин; пер. И.В. Мироновой. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2001. – С.464.

15 Уголовный кодекс Швейцарии /Научн. ред., предисл.и пер. с нем. А.В. Серебренниковой. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2009. С.219.

16 Уголовное право России. Особенная часть: учебник под редакцией профессора А.И. Рагога. – М.: Институт международного права и экономики им. А.С. Грибоедова. 1998. – 480 с.

17 Уголовный кодекс Азербайджанской Республики. Утвержден Законом Азербайджанской Республики от 30 декабря 1999 г. № 787-IQ //online.zakon.kz.

18 Уголовный кодекс Республики Узбекистан Утвержден Законом РУз от 22.09.1994 г. № 2012-ХП Введен в действие с 01.04.1995 г. с изменениями в соответствии с Законом РУз от 11.09.2012 г. № ЗРУ-333 // <http://fmc.uz>

## References

1 Ismailova B.Sh. Uголовno-pravovaya i kriminologicheskaya kharakteristika prestupleniy protiv biologicheskikh resursov v Respublike Kazakhstan. //Diss. na soiskanit stepeni k.yu.n. –Astana, 2010. – 144 s.

2 Agybaev E.N. Kylmystyk kutyk: Erekshe bolim. okulyk / ondelgen, tolyktyrylgan 4-basylym. 2011 zhyldyn 1 nauryzyna deingi ozgertuler men tolyktyrular eskerilgen. – Almaty: Zheti-zhargy, 2011. – 632 bet.

3 Kudryavtsev V.N. Ob'ektivnaya storona prestupleniya. – M.: Gosyurizdat, 1960. – 148 s.

4 «Sottardyn keibir ekologiyalyk kylmystar ushin zhauptylyk zhonindegi zannamany koldanylyu» Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn 2004 zhylygy 18 mausymdagy № 1 normativtik kaulysy (Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn 2008 zhylygy 22 zheltoksandagy № 22 normativtik kaulysymen engizilgen ozgerister zhane tolyktyruymen birge) // Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn normativtik kaulylarynyn zhinagy – Astana, 2009. – B. 401.

5 Popov I.V. V poiskakh kriteriya ugovovnoi nakazuemosti deyaniy, posyagayushikh na prirodnyuyu sredu. //Rossiyskiy sledovatel ', №9. 2010. S. 13-16.

6 Baikadiuly S.Ertiske kauip tonip tur! //Zaman-Kazakhstan. – 15 tamyz 2011. – B. 2.

7 Postanovlenie federal ' nogo arbitrazhnogo suda Zapadno-Sibirskogo okruga ot 27 yanvarya 2009 g. №F-04-129/200919422. S.27-91.

8 «Uyтыты zhane uyttalgan zhogary zattarden kauipsizdigine koiylatyn talaptar» tekhnikalыk reglamentin bекitu туралы Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2010 zhilgy 19 karashadagy № 1219 Kaulysy //http://adilet.zan.kz.

9 Dos'e ITS na proekt Uголовnogo kodeksa Respubliki Kazakhstan (novaya redaktsiya) (na 10 yanvarya 2013 goda). // IS Paragraf <http://online.zakon.kz>.

10 «Kazakhstan Respublikasynyn 2010 zhyldan 2020 zhyлга deingi kezenge arналган kukykyk sayasat tuzhyrymdamasy» Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2009 zhylygy 24 тамыздагы № 858 Zharlygymen bekitilgen. //http://adilet.zan.kz.

11 Kovalev M.I. Rol' zakonodatel'noi tekhniki v konstruirovaniy norm ugovnogo zakonodatel'stva //Voprosy sovershenstvovaniya ugovno-pravovikh norm na sovremennom etape Mezhvuz. sb. nauch. tr. Sverdlovsk: SYUI, 1986. S.5.

12 Kalenov S.E. Ugolovno-pravovaya okhrana vodnykh biologicheskikh resursov: Po materialam Dal'nevostochnogo federal'nogo okruga: Diss. ... kand.yurid.nauk: 12.00.08. – M.: ПГБ, 2003. – 223 s.

13 Lapina M.A. Opyt deyatel'nosti zarubezhnykh pravookhranitelnykh organov po obespecheniyu ekologicheskoi bezopasnosti//Ekologicheskoe pravo. – 2000. – №1. – S.34-36.

14 Ugolovnyy kodeks Gollandii /Nauch. red. B.V. Volzhenkin; per. I.V. Mironovoi. – SPb.: Yuridicheskiy tsentr Press, 2001. – S.464.

15 Ugolovnyy kodeks Shveitsarii /Nauchn. red., predisl.i per. s nem. A.V. Serebrennikovoi. – SPb.: Yuridicheskiy tsentr Press, 2009. C.219.

16 Ugolovnoe hravo Rossii. Osobennaya chast': Uchebnik pod professor A.I. Raroga. – M.: Istitut mezhdunarodnogo prava I ekonomiki im A.S. Griboedova. 1998. – 480 s.

17 Ugolovnyy kodeks Azerbaidzanskoi Respubliki. Utverzhden Zakonom Azerbaidzanskoi Respubliki ot 30 dekabrya 1999 g. № 787-IQ //online.zakon.kz.

18 Ugolovnyy kodeks Respubliki Uzbekistan. Utverzhden Zakonom RUz ot 22.09.1994 g. № 2012-XII Vveden v deistvie s 01.04.1995 g. s izmeneniyami v sootvetstvii s Zakonom RUz ot 11.09.2012 g. № ZRU-333 // http://fmc.uz